Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта IT мектеп-лицейі бойынша

БҰЙРЫҚ

Ақтөбе қаласы **№96 н/қ** **«10» ақпан 2026 ж.**

«Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»

2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі- Заң) 16- бабының 3-тармағы, 28) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 507-тармағына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1.«Қашықтан қолжетімді бағдарламалық өнімдерді пайдалану қызметтерін» сатып алу бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

2.Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты маман Н.М.Барлық :

-Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

-өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтанбамен куәландырылған шарттың жобасы жіберілсін.

3.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

Негіздеме: Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты маманның 10.02.2026 ж №6 қызметтік жазбасы.

Мектеп директоры **С.К.Тойшыманов**

Таныстым: Н.М. Барлық

«Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72
жалпы білім беретін орта IT
мектеп-лицейі» КММ –нің директоры
С.К.Тойшымановқа
Бас есепші Н.М.Барлықтан

Қызметтік хат №6
10 .02.2026 жыл

"TECHNO PARTNERS" ЖШС әлеуетті өнім берушісі «Қашықтан қолжетімді бағдарламалық өнімдерді пайдалану қызметтерін» сатып алу бойынша коммерциялық ұсыныс жіберді. Берілген коммерциялық ұсыныстың негізінде "TECHNO PARTNERS" ЖШС –де қашықтан қолжетімді бағдарламалық өнімдерді пайдалану қызметтерін сатып алу бағасы ағымдағы қаржы жылында бес жүз айлық есептік көрсеткіштен (500АЕК) аспайды.

Осылайша, қызметті сатып алу үшін бөлінген сома Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, ағымдағы қаржы жылында 500 АЕК аспайтынын ескере отырып, Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін қолдана отырып "TECHNO PARTNERS" ЖШС -н келісім шарт жасауға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Бас есепші **Н.М.Барлық**